

«Рауан»бөбекжай бақшасы

*Ұйымдастырылған оқу қызмет  
«Киіз үй бөліктерімен танысу»*



*Ересек «Нұршуақ»тобы*

*Тәрбиеші: Джумагазиева Г.Қ*

2022 ЖЫЛ

**Білім беру саласы:**Әлеумет

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:**Қоршаған ортамен танысу

**Тақырыбы:** «Киіз үй бөліктері»

**Мақсаты:** Балалар қазақтың дәстүрлі киіз үйі жөнінде біледі.Киіз үйдің негізгі бөлшектері мен қатар ішкі жабдықтары туралы айтады.

**Қолданылатын әдіс-тәсілдер:**4 К моделі,сыни ойлау,бала үні,саралау,бақылау әдістері

**Сөздік жұмыс:**Киіз үй, кереге,сықырлауық есік.уық,шаңырақ

Ресурстар: Киіз үй, ойынға қажетті суреттер, слайд  
Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Киіз үй туралы және оның негізгі бөлшектерін

Нені игереді: Киіз үйді құрастыруды.

Нені білді: Ұлттық мәдениетіміз туралы

### **Шаттық шеңбері**

Көтеріліп шаңырақ ,  
Уықтары шаншылар.  
Керегелер керіліп,  
Өрімдей боп өрілер.  
Бәріміз жүрсек айналып,  
Киіз болып көрінер.

### **Ұйымдастырушылық-ізденушілік**

Тәрбиеші, балаларға жұмбақ жасырады.

Ұқсайтын шеңберге,

Қабырғасы жиылып, керіледі.

Жиһазы мол, кең бөлме,

Төбесінен жұлдыздар көрінеді.

Шешуі: Киіз үй.

**4к моделі,сыни ойлау,бала үні**

Тәрбиеші киіз үйдің суретін көрсетіп, ол туралы не білетіндерін сұрайды.

Балалардың жауаптарын тыңдайды, толықтырып отырады. **Бала үні, сұрақ-жауап**

- Киіз үй қандай екен?

- Киіз үй дөңгелек болады.

- Киіз үйді көбінесе қай жерлерге тігеді?

- Киіз үйді жайлауға шыққанда тігеді.

Тәрбиеші: «Киіз үй» тақырыбындағы слайд арқылы түсіндіреді.

Сөздік жұмыс: Киіз үй – ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Киіз үй көшіп-қонуға өте қолайлы. Шаңырағы, керегесі, уығы, сықырлауығы сияқты

Негізгі бөлшектері бар. Жабуы киізден жасалады.

Тәрбиеші: Киіз үй – тарихымыздағы ең алқашқы сәулеттік құрылыс.

Көшіп-қонуға ыңғайлы, жер сілкінісіне төтеп беретін қолайлы баспана. Киіз

үйдің салмағы ауыр болған. Бұл салмақты бір түйе еркін

көтере алады.

Кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық – киіз үйдің негізгі бөлшектері.

Соның ішінде кереге киіз үйдің негізгі қаңқасы болып есептеледі. Ол

талдан, жіңішке қайыңнан жасалады.

### **Сергіту сәті:**

Бір шаңырақ астында,  
Тату-тәтті тұрамыз.  
Бірге ішеміз асты да,  
Бірге сайран құрамыз.  
Достықты үлгі санаған,  
Бір үйде біз тұрамыз.  
Қалған ата-бабамыздан,


Бірлік асыл мұрамыз.

Дидактикалық ойын «Не жоқ»

Шарты :Балалар алдарына берілген киіз үй бөліктерінің тұсынан қайсысы жоқ екенін табады.

Балалар, сендер наурыз мерекесін білесіңдер ғой. Сол мерекеге өз ата-аналарыңмен қарсы алып, наурыз мерекесін көретін болсаңдар онда көптеген киіз үйлерді көресіңдер. Олай болса киіз үйді құрастырып көрейік. Балалар тәрбиеші мен бірге киіз үй құрастырады.

### Рефлексия:



- Балалар, біз үйдің қандай негізгі бөлшектерін білеміз?
  - Кереге, шаңырақ , уық , сықырлауық есік.
  - Балалар қалай ойлайсыңдар, киіз үй жапдықтары неден жасалады?
  - Көшіп-қонуға ыңғайлы болсын деп, киіз үй жабдықтарын теріден, ағаштан жасалынады.
  - Бүгінгі жасаған жұмысымыз сендерге ұнады ма? Осы жасаған «Әсем киіз үйлеріңді» мерекеге байланысты көрмеге қоямыз.
  - Иә, әсем киіз үйді жапсыру ұнады.
- Тәрбиеші балаларды мадақтайды

